

2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі резеңке және пластмасса өнімдері

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру көлемі **307,3 млрд. теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен **6,5%-ға төмен**.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде негізгі үлесті пластмасса плиталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – **44,6%**, құрылыс пластик бұйымдары – **20,2%**, тауарларға арналған пластик қаптамалар – **14,7%**, өзге де пластик бұйымдар – **12,7%**, өзге де резеңке бұйымдар – **7,5%** құрады.

Талданып отырған кезеңдегі **нақты көлем индексі 97,1%** құрады. Шина зауытының іске қосылуы өндіріс көлемінің төмендеуін жояды. Полимерлі өнімдер, атап айтқанда пленкалар мен орауыш өнімдер өндірісінің төмендеуі Қытай мен Иранның импортының өсуіне байланысты болып отыр.

2024 жылғы қаңтар-тамыздағы құндық мәндегі резеңке және пластмасса өнімдерінің **экспорт көлемі** 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **48,7%-ға төмендеп, 152,0 млн. АҚШ долларын** құрады. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (71,9%), Қырғызстанға (11,3%) және Өзбекстанға (7,7%)** экспортталды.

2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында резеңке және пластмасса тауарларының **импорты 1 606,5 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **3,8%-ға төмен**. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі импорты **Ресейден (32,9%), Қытайдан (31,6%) және Германиядан (4,1%)** келді.

2024 жылғы қаңтар-тамызда резеңке және пластмасса бұйымдары **нарығының көлемі 2 040,9 млн. АҚШ долларын (930,8 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **1,4%-ға артық**. Өндірістің құндық мәнде төмендеуі байқалады, **ОТӨ үлесі 21,3%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **78,7%** құрады.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең көп көлемі **мынадай өңірлерде байқалады**: Алматы облысы (22,5%), Астана қаласы (15,5%), Алматы қ. (12,2%), Қарағанды облысы (9,4%), Ақтөбе облысы (5,9%).

РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2024

307,3
МЛРД ТГ



97,1%
ИФО

- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство прочих пластмассовых изделий
- Производство резиновых изделий

\$152,0
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **78,7%**
отп **21,3%**

\$2 040,9
МЛН




РЫНОК

\$1 606,5
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН ТЕНГЕ